

**«Ақтан Төлеубаев атындағы жалпы орта білім беретін мектеп» ҚММ
әлеуметтік педагогтың 2021-2022 оқу жылындағы атқарған жұмысының
жылдық есебі.**

Мектепте тамыз айының 28 күні бекітілген бұйрыққа сай, әлеуметтік педагогтың жоспары бекітіліп, жыл бойы жоспарланған жұмыстар атқарылды. Мектепке жол акция барысында тамыз айында мектептің әр түрлі санаттағы оқушысына демеуші, мектептің түлегі Ардақ Балтабековтың көмегімен мектеп формасы және оқу құралдары толығымен алынды.

Қыркүйек айында оқушылардың жеке құжаттары қаралып, әлеуметтік мәртебесіне қарай тізімі жасалды. Көпбалалы, әлеуметтік жағдайы төмен, толық емес отбасыдан шыққан балалардың әлеуметтік төлқұжаттары жасалды. Ыстық тамақпен қамтылған оқушыларды анықтап, тізімі құралды. 2021 жылдың қыркүйек айының 06 жұлдызынан бастап мектептің әр түрлі санаттағы 137 оқушысы жалпыға бірдей оқыту қорынан бір мезгіл тегін ыстық тамақпен қамтылды.

Әлеуметтік педагогтың жылдық жоспарына сәйкес мектепке келген оқушыларға диагностикалық карта жасалды. «Тәрбие отбасынан басталады» тәрбие сағаттары ұйымдастырылып өтті. «Отбасы күніне» арналған бейнероликтер дайындалды. Әлеуметтік педагог мектептің тәрбие ісінің меңгерушісі және мектеп психологы бірлескен түрде «Шаңырақ» отбасылық қарым-қатынас клубының портфолиосын дайындап, облыстық онлайн сайысқа қатысып, мадақтамамен марапатталды. 9-11 сынып оқушыларымен «Мен және менің достарым» тақырыбында сауалнама жүргізілді. «Бала құқығы – адам құқығы» тақырыбында құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында тәрбие сағаттары өткізіліп, бейнероликтер көрсетілді.

2022 жылы қаңтар айының 10 –нан 10 ақпан аралығында мектебімізде «Қамқорлық» қайырымдылық акциясының жоспары құрылып, ұйымдастырылды. Акция мақсаты: әлеуметтік жағдайы төмен, көпбалалы отбасынан шыққан оқушыларға материалдық көмек көрсету. Демеушінің көмегімен әр түрлі санаттағы отбасынан шыққан балаларға дәптерлер мен қаламдар таратылды. 9 «А» сыныптың оқушылары көмекті қажет ететін қарт әжелеріміздің үйлеріне барып, ауласын тазартып, отындарын жарып, көмір кіргізіп көмектерін көрсетті.

Мектебіміздің қамқорлықтағы отбасында тәрбиеленіп жатқан 8 «А» сынып оқушысы Сейлхан Нұрай жаңа жылдық Қазақстан Республикасының Президенттік шыршасына қатысып 100 000 теңге қаржылай сертификатқа және тәтті сыйлыққа ие болды.


Ата-аналармен және оқушылармен жеке тақырыптық әңгімелер өткізіледі: «Оқушының ішкі жан дүниесі», «Отбасындағы қарым -қатынас» «Үлкендерді құрметтеу»; сынып жетекшілерге қолайсыз отбасымен жұмыстар атқару үшін нұсқаулықтар берілді.

9-11 сынып оқушыларына кәсіптік мамандық таңдауына көмек көрсету мақсатымен «Мамандықтар әлемі», «Мен қандай мамандықты таңдаймын» тақырыптарында түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

02 сәуір бүкіләлемдік Аутизм жайлы ақпарат тарату күні мектептің медбикесі және әлеуметтік педагог мектеп оқушыларына аутизм туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Оқушыларға баланың ерте жастағы аутизмнің диагностикасы туралы арнайы буклет пен брошюра дайындалды.

Мектеп медбикесімен бірлесе отырып, отбасындағы қыздардың тәрбиесі басты назарда болғандықтан дөңгелек үстелдер, қыздарға кеңестер беру жұмыстары өткізілді.

Ерекше назардағы балалардың, қамқорлықтағы балалардың үйлеріне бару, сабақ үлгерімдерін, сабаққа қатысуын, бос уақытын қадағалау мақсатында «Менің күнделігім», «Бос парта» рейдтік жұмыстар жүргізілді. Дүниежүзілік отбасы күніне орай «Отбасым -байлығым» атты іс-шаралар ұйымдастырылып, жоспар құрылуда. Оқушылардың жазғы уақыттарын тиімді және пайдалы өткізу үшін, мектеп жанындағы жазғы ойын алаңы өз жұмысын басталуы жоспарлануда. Әр түрлі санаттағы отбасының балаларының тізімі жасалып, ата-аналардан өтініштері қабылдану жоспарлануда.





Әлеуметтік педагог: *Уралбекова* А.Уралбекова